



**Рысбаева С.Ж.**

**МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ –  
КӨРНЕКТІ САЯСАТКЕР**

*В данной статье раскрывается  
политическая деятельность  
М. Дулатова, а также значение  
его трудов на современном этапе.*

*This article is devoted to the  
consideration of political activity  
of M. Dulatov and the significance  
of his works nowadays.*

Алыстан алаш десе аттанамын,  
Қазақты қазақ десе мақтанамын,  
Болғанда әкем қазақ, шешем қазақ  
Мен неге қазақтықтан сақтанамын!  
- деп жырлаған, елінің егемендігі мен тәуелсіздігі  
жолында жанын пайда еткен асыл тұлғамызды  
халқымыз ешқашан ұмытпақ емес.

Алашорда үкіметінің мүшесі, ақын,  
жазушы, қоғам қайраткері, биыл дүниеге келгеніне  
125 жыл толатын Міржақып Дулатов қазақ  
әдебиеті тарихындағы тұңғыш «Бақытсыз Жамал»  
романның авторы. Биыл романның жарық  
көргеніне 100 жыл.

Жастай ата-анасынан айырылған Міржақып  
әуелі ауыл мектебінде оқыған. 1897 жылы Торғай  
қаласындағы орыс- қазақ мектебіне түсіп, 1902  
жылы оны ойдағыдай бітіріп шығады. Ауыл  
мектептерінде бала оқыта жүріп, өлең жазумен  
айналысқан.

1904 жылы Омбы қаласына қоныс аударып,  
осы қалада А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхановпен  
танысады. Омбы, Қарқаралы, Орал, Санкт-Петер-  
бург қалаларында көрнекті қоғам қайраткерлерімен  
пікірлесу, саяси қозғалыстарға араласу  
Міржақыптың саяси-әлеуметтік көзқарасының  
қалыптасуына ықпал етеді. Ол 1905 жылы Ресей  
үкіметіне қазақ халқы атынан жолданған  
Қарқаралы құзырхатын дайындаушы-лардың бірі  
болды.

1906 жылы Конституциялық демократтар  
партиясы делегаттары қатарында Санкт-  
Петербургке барады. Түрлі саяси жиындар мен  
саяси күштер ұйымдастырған көше шерулеріне,  
ереуілдерге қатысады. Осы кезден бастап Ресей  
үкіметі құпия полициясының саяси сенімсіз  
адамдар тізіміне ілігеді [1.295-297].

1907 жылы Петербургте шыққан «Серке»  
газетінде «Жастарға» деген өлеңінің жарық көруі  
және 1909 жылы Уфа қаласында «Оян, қазақ»  
өлеңдер жинағының басылып шығуы Міржақып-  
тың халыққа арнаған зор үндеуі еді. Ол қазақ елінің  
де басқа жұртпен терезесі теңеліп, іргелі ел болуын  
көксеген еді.

Міржақып халқын ашық күреске рухтан-  
дыра, жігерлендіре отырып, елін оқу ағарту мен  
өнерге шақырған, алғашқы демократиялық батыл  
ұран тастаған ержүрек азаматтың бірі де бірегейі  
бола білді. Ресей әкімдері тарапынан бұл кітапты  
оқуға тыйым салынып, қолға түскен даналары  
тәркіленген.

«Ол көкірегі ояу жас мұғалім ретінде  
халқының тағдырына самарқау қарай алмаған.  
Қазақы ортадан шығып, өз білімін жан- жақты  
тереңдетуге тырысқан. Халқына, көзі ашық



зиялы қауымға, қоғам қандай міндет қойып отырғанын түсіндіруге тырысады. Қазақты мешеуліктен, қанау- езушіліктен, зорлық- зомбылықтан құтқаратын күшті құрал – оқу, білім, өнер, ғылым екенін дөп басып айтады. Халықтың тағдырын ойлап, толғанып, елдің бірлігін арттырып, адал қызмет ету, жастарға білім беру, ғылым үйрету, орыс тілін, өнерін үйрену басты мақсат болуы тиіс деп есептеген.

шығыс елдері ғұламаларының, орыс, еуропа шығыстанушыларының еңбектерін еркін меңгерген» [2.69-72].

Ел санасын ояту мақсатында А.Байтұрсынов екеуі бірлесіп ағартушылық демократиялық бағыттағы тұңғыш бейресми басылым «Қазақ» газетін шығарады.

«Міржақыптың екінші өлеңдер жинағы 1913 жылы «Азамат» деген атпен жарық көрді... Айқап» газетінде оқу - ағарту, мәдениет, тіл туралы үзбей мақала жазды... Ақжол» газетінде жұмыс істеді» [3].

Ресей империясының отарлық саясаты, атақонысы мен мал - мүлкінен, дәулетінен айырыла бастаған халқының мұң - зары, ауыр тұрмысы Міржақыпты саяси күрес жолына шығарды. Ол «Қазақ» газеті бетінде алуан түрлі саяси әлеуметтік мәселелерді көтерді. Зәбір, қорлық көрген қарапайым адам құқығы мен отарлық езгі тепкісіндегі қазақ елі туралы тынбай жазды. Қазақ прозасы тарихында ерекше орынға ие «Бақытсыз Жамал» романы қазақ қыздарының басындағы ауыр жай күйді, қазақ даласына ене бастаған жаңа қатынастарды суреттейді.

1917 жылы Торғай губернаторы Ә.Бөкейхановтың ұсынуымен Міржақыпқа арнайы куәлік беріп, оны Минск маңындағы тыл жұмыстарында жүрген қазақтарға қолдау көрсетіп, жетекшілік етуге жібереді. Ол Минскіде Бөкейханов ұйымдастырған «Еркін Дала» атты саяси үйірменің ісін жандандырып, қазақ жастарының көзқарасын қалыптастыруға ықпал етті.

Міржақып 1916 жылғы оқиғалардың зардабынан қырғынға ұшырап, босқынға айналған елге көмектесу мақсатында, Семей қаласында қазақ тарихындағы ең алғашқы «Жанар» жәрдем қорын ұйымдастырды. Осы жылдары Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің жұмысына белсене араласады. Ол Алаш қозғалысының жетекшілерінің бірі ретінде 1917 жылы Орынборда өткен 1- және 2-жалпықазақ съезіне белсене қатысып, «Алаш» партиясының бағдарламасын жазған.

1911 жылы саяси айыппен қамауға алынып, А.Байтұрсынов екеуі Семей түрмесінде бір жарым жыл отырып шығады. 1922 жылы қайта ұсталып, Ә.Бөкейханов екеуі Орынбор түрмесіне түседі де көп ұзамай қамаудан босатылады. Республикадағы мәдениет революциясы ісіне белсене ат салысып жүрген кезінде 1928 жылдың желтоқсанында бір топ қазақ оқығандары қатарында тағы тұтқынға алынады. 1930 жылы сот үкімі бойынша әуелі ату жазасына кесіліп, кейін бұл үкім он жыл абақтыға қамау жазасымен алмастырылады.

1935 жылы 5- қазан күні елу жасқа толуына бір ай қалғанда, Ақтеңіз - Балтық каналының бойындағы абақтыда ауыр науқастан қайтыс болады. Сүйегі 1992 жылы Торғай өңіріне әкелініп, қайта жерленеді.

М.Дулатұлының таудан үлкен, тастай берік қайырлы, кемел істері, ірілікті, ізгілікті, көсемдікті танытатын мұзжарғыш пікірлері мемлекеттік тұрғыдан ойлаудан туындайды. Сондықтан да оның ой-пікірлері жүйесі мемлекеттің ең басты, ең негізгі құрамдас бөліктері 1) территорияға, 2) ұлттық тілге, 3) ұлт тәуелсіздігіне, 4) дінге, 5) қорғаныс қабілетіне қатысты.

Жинақтап айтқанда, ұлт руханияты тарихында М.Дулатов құбылыс айрықша аталуға, шексіз құрметке лайық. Ол ақын, прозашы, драммашы, тарихшы, әдебиет пен театр сыншысы, көсемсөзші, журналист, мәдениеттанушы, ағартушы, әлеуметтанушы ретінде ой-парасат кеңістігінде жарқын жұлдыздай жарқырай түспекші [4.5].

Ағартушы, ақын, қоғам қайраткерінің артына қалдырған рухани мол мұрасын халқы қадірлейді.

Ендігі ұрпаққа қалғаны, келешек үшін де керегі тарихта ұлы нәубеттің болғандығын ұмытпай, сол саяси жүйенің қателіктерінен сабақ алу жайы болса керек. Әрине, бейбіт қорымның тұсынан бетін сипап, аруаққа дұға қылмай өтпейтін иманжүзді ұлттың ұландары ендігі жерде жазықсыз құрбан болғандардың рухына тағзым етуге тиіс. Біз қазақ жерінің төрт бұрышындағы жазықсыз құрбан болған жандардың рухына тәу етуге, дұға қылуға шақырамыз [5.3].



Міржақып сынды елінің егемендігі мен тәуелсіздігі жолында жанын пайда еткен ерлердің есімі ешқашан ұмытылмайды. Елі барда олардың рухы биік, есімі мәңгі.

**Әдебиеттер:**

1. Қазақ ұлттық энциклопедиясы, 3 том - А., 2003.
2. Абилбакиева Ф. Міржақып Дулатовтың ағартушылық идеялары. // Абай атынд. Қаз.ҰПУ «Хабаршысы», №2 2008.
3. Асқаров А. Ұлы Тұранның ұлдары, - А., 1998.
4. Негимов С. Жасын. // «Егемен Қазақстан», №8, 2010.
5. «Дала мен қала» газеті, 31-мамыр, 2010.